



**Солтүстік Қазақстан облысы
Есіл ауданының Қоғамдық кеңесі**

**Общественный совет Есильского района
Северо-Казахстанской области**

150500, Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы,
Явленка ауылы, Тәуелсіздік көшесі, 10,
Тел.: 8(71543) 2-26-07, 2-19-80

150500, Северо-Казахстанская область,
Есильский район, село Явленка,
ул.Тәуелсіздік,10 Тел.: 8(71543) 2-26-07, 2-19-80

**Есіл ауданының Қоғамдық кеңесі отырысының
№2 ХАТТАМАСЫ**

Явленка а.

2025 жылғы 19 ақпан

Өткізу орны:
Әкімдіктің мәжіліс залы
Өткізу уақыты: сағат 16:00

Қоғамдық кеңес отырысының тақырыбы: Есіл ауданында мемлекеттік қызмет көрсету сапасы.

Отырыс төрағасы: Оспанов Е.Е.

Отырысқа Есіл ауданының қоғамдық кеңесінің мүшелері қатысты: Тұтқышев Е.М., Некібаев А.С., Бимақанов Н.М., Оспанов Е.Е., Октябрь Н.М., Смоленская А. В., Кенжеғалиева Б.С., Рахметов А.Е.

Шақырылғандар: Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің СҚО бойынша департаментінің Мемлекеттік қызметтер басқармасының бас маманы Жанмурзина Нұргүл Ерікқызы, «СҚО Есіл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі» КММ мемлекеттік инженер-инспекторы Бондарцов Александр Анатольевич, ауданы әкімдігінің мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі бас маманы Алмагүл Амантайқызы Октябрь, мемлекеттік қызмет көрсету мәселелерімен айналысатын бөлімдердің мамандары.

КҮН ТАҚЫРЫБЫ:

1. «Мемлекеттік қызмет көрсету туралы» Есіл ауданы әкімі аппаратының бас маманы А.А. Октябрьдің ақпараты;

2. «СҚО Есіл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі» КММ бас маманы мемлекеттік инженер-инспекторы Александр Анатольевич Бондарцовтың ақпараты.

ТЫҢДАЛДЫ: бірінші мәселе бойынша «Мемлекеттік қызмет көрсету туралы» Есіл ауданы әкімі аппаратының бас маманы А.А. Октябрьдің ақпараты.

Қоғамдық кеңес мүшелері жасына байланысты смартфондарды пайдалануға және Мемлекеттік қызметтерді электронды түрде алуға мүмкіндігі жоқ қарт адамдарға мемлекеттік қызмет көрсету бойынша сұрақтар қойды. Баяндамашы бұл сұраққа жауап берді: ауылдық округтерде 58 өзіне-өзі қызмет көрсету алаңы бар, олардың жұмысына бас мамандар бекітілген. Мемлекеттік қызметті өз бетінше электрондық түрде алуға мүмкіндігі жоқ азаматтар жүгінген кезде оған округтердің, аудандық әкімдіктің және әкімдік бөлімдерінің бекітілген қызметкерлері бұл қызметті алуға көмектеседі.

ТЫҢДАЛДЫ: екінші мәселе бойынша «СҚО Есіл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі» КММ бас маманы мемлекеттік инженер-инспекторы Александр Анатольевич Бондарцовтың ақпараты. Н.Е.Жанмурзина «Instagram» желісіндегі «Facebook» желісіндегі бөлімнің парақшаларында мемлекеттік қызмет көрсету бойынша материалдарды орналастыру қажеттілігі туралы сұрақ қойылды. Тракторларды техникалық байқаудан өткізу бойынша мемлекеттік қызметті бәсекелестік ортаға беру жөнінде бастамашыл ұсыныстар дайындау ұсынылды.

ҰСЫНЫЛДЫ:

Аудан әкімінің аппаратына:

1. Азаматтарға мемлекеттік қызметтерді электрондық форматта алудың артықшылықтарын түсіндіру бойынша мемлекеттік органдар қызметкерлерінің жұмысын жандандыру. Өзіне-өзі қызмет көрсету секторларының жұмысқа қабілеттілігін күшейту.

«СҚО Есіл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі» КММ:

1. Тракторларды техникалық байқаудан өткізу бойынша мемлекеттік қызметті бәсекелестік ортаға беру жөнінде бастамашыл ұсыныстар дайындау.
2. Тексеру және қажет болған жағдайда ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімінің ресми сайтында мемлекеттік қызмет көрсету бойынша ақпаратты орналастыру.
3. Өзіне-өзі қызмет көрсету секторларының жұмыс істеуі бойынша ақпарат беру (фотосуреттер және т. б.)

Мерзімі: 14 наурыз

Бүгін жоспарланған барлық мәселелер қаралды. Қатысқандарыңыз үшін барлығыңызға рахмет. Отырысты жабық деп жариялаймын.

**Солтүстік Қазақстан облысы
Есіл ауданы
Қоғамдық кеңесінің
төрағасы**



Е.Оспанов